



Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің
Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы

ISSN 2306-451X
N3 (82) 2024 ж., қыркүйек
DOI: 10.47450/2306-451X-2024-82-3

ҒЫЛЫМ = НАУКА

Халықаралық ғылыми журнал
2002 жылғы наурыздан бастап шығады
Жарияланымдар тілі - қазақ, орыс, ағылшын

Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялауға арналған басылымдар тізіліміне
(ҚР БҒМ БҒСБК 11.02.2021 ж. №2 ҚБП бұйрығы),
«Ғылыми дәйексөздеудің ресейлік индексі» (РИНЦ)
Ресей библиографиялық деректер базасына,
Қазақстандық цитаталау базасына (ҚазБЦ) енгізілген

Бас редактор - Дәрменов А.Д., заң ғылымдарының кандидаты
Бас редактордың орынбасары - Жолдаскалиев С.М., заң ғылымдарының кандидаты

Редакциялық кеңес құрамы:

Айтуарова А.Б., з.ғ.к., Муканов М.Р. философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор
(доцент), Баргаринов А.Р. з.ғ.к., Смышляев А.С., философия докторы (PhD),
Қалқаманұлы Д., философия докторы (PhD), Акимжанов Е.С., з.ғ.к., Баргаринова А.А., з.ғ.к.,
Брылевский А.В., з.ғ.к., Кульжанова Г.Т., филос.ғ.к., доцент.

Редакциялық алқа құрамы:

Әбеуов Е.Т., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Астана қ.)
Әбіл Е.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Астана қ.)
Әкімжанов Т.Қ., заң ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)
Алауханов Е.О., заң ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)
Борков В.Н., заң ғылымдарының докторы, доцент (РФ, Омбы қ.)
Джоробекова А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор (Қырғыз Республикасы, Бішкек қ.)
Жалбуров Е.Т., заң ғылымдарының докторы, профессор (Шымкент қ.)
Ким Н.П., педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Қолдыбаев С.А., философия ғылымдарының докторы, профессор
Панин Ю.И., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (РФ, Псков қ.)
Сейтжанов О.Т., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Қарағанды қ.)
Сқақов А.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор (Астана қ.)
Татарян В.Г., заң ғылымдарының докторы, профессор (РФ, Мәскеу қ.)
Шынарбаев Б.К., заң ғылымдарының докторы, доцент

Журнал 2015 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінде тіркелді. N15156-Ж куәлік.
Алғашқы есепке алу уақыты мен нөмірі 2001 ж. 01.10, №2325-Ж.

Собственник:

Костанайская академия
Министерства внутренних дел Республики Казахстан
имени Ширакбека Кабылбаева

ISSN 2306-451X
N3 (82) 2024 г., сентябрь
DOI: 10.47450/2306-451X-2024-82-3

ҒЫЛЫМ - НАУКА

Международный научный журнал

Издается с марта 2002 года

Язык публикаций - казахский, русский, английский

Включен в перечень изданий, рекомендованных для публикации
основных научных результатов научной деятельности по юридическим наукам
(приказ ККСОН МОН РК №2 ДСП от 11.02.2021 г.),
Российскую библиографическую базу данных
«Российский индекс научного цитирования» (РИНЦ),
Казахстанскую базу цитирования (КазБЦ)

Главный редактор - Дарменов А.Д., кандидат юридических наук
Заместитель главного редактора - Жолдаскалиев С.М., кандидат юридических наук

Состав редакционного совета:

Айтуарова А.Б., к.ю.н., Муканов М.Р. доктор философии (PhD), ассоциированный профессор
(доцент), Баргаринов А.Р. к.ю.н., Смышляев А.С., доктор философии (PhD),
Қалқаманұлы Д., доктор философии (PhD), Акимжанов Е.С., к.ю.н., Баргаринова А.А., к.ю.н.,
Брылевский А.В., к.ю.н., Кульжанова Г.Т., к.филос.н., доцент.

Состав редакционной коллегии:

Абеуов Е.Т., кандидат юридических наук, доцент (г. Астана)
Абиль Е.А., доктор исторических наук, профессор (г. Астана)
Акимжанов Т.К., доктор юридических наук, профессор (г. Алматы)
Алауханов Е.О., доктор юридических наук, профессор (г. Алматы)
Борков В.Н., доктор юридических наук, доцент (РФ, г. Омск)
Джоробекова А.М., доктор юридических наук, профессор (Кыргызская Республика, г. Бишкек)
Жалбуров Е.Т., доктор юридических наук, профессор (г. Шымкент)
Ким Н.П., доктор педагогических наук, профессор
Колдыбаев С.А., доктор философских наук, профессор
Панин Ю.И., кандидат юридических наук, доцент (РФ, г. Псков)
Сейтжанов О.Т., кандидат юридических наук, доцент (г. Караганда)
Скаков А.Б., доктор юридических наук, профессор (г. Астана)
Татарян В.Г., доктор юридических наук, профессор (РФ, г. Москва)
Шнарбаев Б.К., доктор юридических наук, доцент

Зарегистрирован в Министерстве по инвестициям и развитию
Республики Казахстан 12 марта 2015 г. Свидетельство №15156-Ж.
Время и номер первичной постановки на учет №2325-Ж от 01.10.2001 г.

МАЗМҰНЫ = СОДЕРЖАНИЕ

Ахпанов А.Н., Зайцев О.А., Сарсенбаев Т.Е. ЧЕЛОВЕК. ПРОФЕССИОНАЛ. УЧИТЕЛЬ. Посвящается светлой памяти Щербы Сергея Петровича.....	4
--	---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЗАНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ = АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
И ПРИМЕНЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Амангельды А.А., Дүсебаев Т.Т. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы цифрлық технологиялар.....	8
Ахметжанова Н.Н. Проблемные вопросы обеспечения конфиденциальности при реализации возможностей искусственного интеллекта в праве Республики Казахстан.....	14
Байғалиев А.Б., Рахметоллов А.К. Деонтологическая ответственность прокурора в сфере правоохранительной деятельности.....	19
Баргаринова А.А. Оптимизация практики применения статьи 346 Уголовного кодекса Республики Казахстан (результаты исследования и итоги круглого стола, состоявшегося 30 мая 2024 г.).....	25
Баргаринов А.Р., Исаков* А.К., Токубаев К.З. Перспективы ресоциализации осужденных за экстремистскую деятельность в Казахстане.....	30
Бачурин С.Н., Довгань О.В., Садвакасова А.Т. Прогнозирование изменений национального уголовного судопроизводства с точки зрения развития права, психологии и психиатрии	36
Жамулин В.Н., Кабдулина К.Т., Ахмадиева А.Т. Проблемы правового регулирования проведения митингов, публичных мероприятий и шествий в Республике Казахстан и возможные пути решения.....	42
Исаков А.К., Баргаринов* А.Р., Айжанов С.А. К вопросу о необходимости декриминализации преступления о заведомо ложном сообщении об акте терроризма.....	47
Казиев Т.А. Некоторые проблемы уголовно-правовой охраны труда.....	53
Калмаганбетова Д.Б., Есентемирова А.М. Конституциялық соттың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесіндегі орны.....	58
Лакбаев К.С., Нургалиев Б.М. Проблемы раскрытия и расследования нарушений правил безопасности при ведении горных и строительных работ, повлекших гибель или увечье людей.....	63
Medvedeva A.N., Dovgan O.V., Kusainova L.K. Potential applications of artificial intelligence in operational and official activities of the internal affairs bodies of the Republic of Kazakhstan.....	69
Мирошникова О.В., Брызгалова Е.А., Намысов Е.Д. Правовая регламентация производства неотложных следственных действий по уголовным делам в Республике Казахстан.....	75
Муканов М.Р. Использование беспилотных летательных аппаратов в деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан: проблемы и перспективы.....	82
Муканов М.Р., Биекенов Н.А., Бримжанова С.С. Новые решения для повышения эффективности ресоциализации осужденных в Республике Казахстан	89
Сатбаева А.М., Курманалиева Э.Б., Бишманов К.М. Қазақстанда және шетелде адамның экологиялық құқықтарын қорғаудың қазіргі жағдайы.....	97
Саттарова А.Ф. Выявление проблемы школьного буллинга.....	104
Суйменбаева А.М., Абаев М.Б., Акимбаева А.А. Мемлекеттік емес зейнетақы қорлары туралы заңнаманы әзірлеу мен жетілдіруде шетелдік тәжірибені пайдалану.....	108
Сүлейменов Т.Н., Сакенова А.Б. Общее состояние преступности Республики Казахстан в бытовой сфере.....	115
Тайшыков Ж.Х., Жемпиисов Н.Ш. Ұлттық қауіпсіздік объектілерінің түрлері мен олардың құқықтық маңызы.....	122
Токсанова М.Б., Сагандыкова Д.А. Вопросы привлечения к ответственности за травлю несовершеннолетнего.....	126
Түлебаев М.С. Правовой генезис чрезвычайных ситуаций: национальная и мировая практика.....	131
Яценко Г.Ю., Жакупов Б.А. Семейно-бытовое насилие: проблемы и пути их решения.....	136

ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ = ПРАВООХРАНИТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЗА РУБЕЖОМ

Карабеков К.О. Защита персональных данных в Российской Федерации и Республике Казахстан: сравнительно-правовой анализ электронной базы судебных актов.....	141
---	-----

ЖАС ҒАЛЫМ МІНБЕРІ = ТРИБУНА МОЛОДОГО УЧЕНОГО

Абикенов А.Н., Абижанов С.М., Қанатбекұлы Ж. Кісі өлтіруді дәрежелеудегі қылмыстың объективтік белгілері.....	146
Айтхожин К.К., Рахимбаев Э.Н., Сабитов К.А. Концептуальные основы формирования инновационной мер по законодательству Республики Казахстан.....	153
Аманжолова З.Н. Төтенше жағдай кезіндегі азаматтық қатынастарға «бой бермейтін күштің» әсері: COVID-19 тәжірибесі негізінде.....	160
Еркенов Б.Д. Использование возможностей технологий искусственного интеллекта в противодействии легализации (отмыванию) доходов от преступной деятельности.....	167
Иманбаев С.М., Назарбекова А.К., Карымсаков Р.Ш. Сравнительный анализ оперативно-розыскных мероприятий и розыскных мер по законодательству Республики Казахстан.....	172
Қожахмет Ә.С., Сүлейменов Д.М., Намысов Е.Д. Механизмы и способы предупреждения рецидива преступлений.....	178
Садыбеков Б.М., Алдыяров А.Ш. Контроль и ресоциализация условно-досрочно освобожденных лиц, осужденных за совершение тяжких и особо тяжких преступлений.....	186
Темирканова Д.К. Проблемы предупреждения бытового насилия в Республике Казахстан.....	192
Уразалин Б.Т. Особенности применения систем биометрической идентификации осужденных в учреждениях минимальной безопасности.....	196

Жарияланатын ғылыми мақалаларға қойылатын талаптар = Требования, предъявляемые к публикуемым статьям.....	201
---	-----

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА «БОЙ БЕРМЕЙТІН КҮШТІҢ»
ӘСЕРІ: COVID-19 ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ****З.Н. Аманжолова**

докторант

Maqsut Narikbayev University, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Андатпа. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен Жоғарғы Сотының Түсіндірмесіне сай коронавирустық пандемиясына қатысты енгізілген төтенше жағдай режимі «бой бермейтін күш» ретінде танылды. Бұл төтенше жағдай режимі азаматтық айналымның қатысушыларына, атап айтқанда, оларға жүктелген міндеттемелерді уақытты әрі тиісті деңгейде орындау міндетіне тікелей ықпалын тигізді. Мақала аясында осы уақытта орындалмай қалған міндеттемелер үшін жүктелмеген жауапкершіліктердің басты себебі болып табылатын «бой бермейтін күш» түсінігі талданды. Нақтырақ айтатын болсақ, отандық және шетелдік заңнама нормалары бойынша бой бермейтін күштің түсінігі, белгілері, түрлері мен негізгі сипаттамасы қарастырылды.

Мақала аясында төтенше жағдай режимінің бой бермейтін күш ретінде танылу мәселесіне баса назар аударылды, яғни жүргізілген зерттеу нәтижесінде бой бермейтін күш ретінде төтенше жағдайды немесе COVID-19 пандемиясын тану сұрағы жан-жақты қарастырылды, өйткені отандық заңнаманың тарапынан бұл сұрақ нақты реттелмеген. Осы орайда, отандық сот тәжірибесін саралай келе, «бой бермейтін күш» түсінігінің шеңбері кеңейе түсуге болатындығы анықталды, өйткені мақала аясында келтірілген азаматтық сот істерінен карантиндік шаралардың сақталу фактісі азаматтық айналымның қатысушыларына міндеттемелерін орындамағандықтарына жауапкершілік жүктемеуге негіз болды.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде «бой бермейтін күш» ретінде тануға жататын мән-жайларды, оның негіздемесін екі топқа бөліп қарастыру қажеттігі негізделді. Бұл тұжырымға COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай тәжірибесі, оны мемлекет тарапынан реттеуге бағытталған шаралар, азаматтық сот істері мен ҚР Жоғарғы Сотымен берілген түсіндірме негіз болды.

Түйін сөздер: COVID-19 пандемиясы, бой бермейтін күш, азаматтық жауапкершілік, төтенше жағдай режимі, уақытша шаралар, карантин, дүлей зілзала.

**ВЛИЯНИЕ «НЕПОКОЛЕБИМОЙ СИЛЫ» НА ГРАЖДАНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ВО ВРЕМЯ
ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ: НА ОСНОВЕ ОПЫТА COVID-19****Аманжолова З.Н.**

докторант

Maqsut Narikbayev University, Республика Казахстан, г. Астана

Аннотация. Согласно Гражданскому кодексу Республики Казахстан и разъяснению Верховного Суда, режим чрезвычайного положения, введенный в связи с пандемией коронавируса, был признан «непреодолимой силой». Данный режим чрезвычайного положения оказал непосредственное влияние на участников гражданского оборота, а именно в части своевременного и надлежащего исполнения возложенных на них обязательств. В рамках статьи проанализировано понятие «непреодоливая сила», являющееся основной причиной не возложенной ответственности по обязательствам, оставшимся неисполненными в это время. В частности, были рассмотрены понятие, признаки, виды и основная характеристика «непреодолимой силы» по нормам отечественного и зарубежного законодательства.

В рамках статьи особое внимание было уделено вопросу признания режима чрезвычайного положения как «непреодолимой силы», то есть в результате проведенного исследования был всесторонне рассмотрен вопрос о признании чрезвычайного положения или пандемии COVID-19 как «непреодолимой силы», так как со стороны отечественного законодательства данный вопрос явно не урегулирован. В этой связи, анализируя отечественную судебную практику, установлено, что рамки понятия «непреодоливая сила» могут расширяться, поскольку факт соблюдения карантинных мер по гражданским судебным делам, приведенный в рамках статьи, послужил основанием для несоблюдения ответственности за неисполнение обязательств участниками гражданского оборота.

В результате исследовательской работы, проведенной в ходе статьи, обоснована необходимость рассмотрения обстоятельств, подлежащих признанию «непреодолимой силы», и ее обоснования на две группы. Основанием для данного заключения послужила практика чрезвычайного положения, введенная в связи с пандемией COVID-19, меры, направленные на его урегулирование со стороны государства, гражданские судебные дела и разъяснения Верховного Суда РК.

Ключевые слова: пандемия COVID-19, непреодоливая сила, гражданская ответственность, режим чрезвычайного положения, временные меры, карантин, стихийные бедствия.

**THE IMPACT OF THE «FORCE MAJEURE» ON CIVIL RELATIONS DURING A STATE
OF EMERGENCY: BASED ON THE EXPERIENCE OF COVID-19****Amanzholova Z.N.**

doctoral student

Maqsut Narikbayev University, Republic of Kazakhstan, Astana

Annotation. According to the Civil Code of the Republic of Kazakhstan and the explanation of the Supreme Court, the state of emergency imposed in connection with the coronavirus pandemic was recognized as an "irresistible force." This state of emergency

has had a direct impact on participants in civil turnover, namely in terms of timely and proper fulfillment of their obligations. The article analyzes the concept of "irresistible force", which is the main reason for the non-assigned responsibility for obligations that remained unfulfilled at that time. In particular, the concept, signs, types and main characteristics of "force majeure" according to the norms of domestic and foreign legislation were considered.

Within the framework of the article, special attention was paid to the issue of recognizing the state of emergency as "force majeure", that is, as a result of the study, the issue of recognizing the state of emergency or the COVID-19 pandemic as "force majeure" was comprehensively considered, since this issue has clearly not been resolved by domestic legislation. In this regard, analyzing domestic judicial practice, it was found that the scope of the concept of "irresistible force" can expand, since the fact of compliance with quarantine measures in civil court cases, given in the framework of the article, served as the basis for non-compliance with liability for non-fulfillment of obligations by participants in civil turnover.

As a result of the research work carried out in the course of the article, the need to consider the circumstances subject to recognition of "force majeure" and its justification into two groups is justified. The basis for this conclusion was the practice of the state of emergency introduced in connection with the COVID-19 pandemic, measures aimed at its settlement by the state, civil court cases and clarifications by the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: COVID-19 pandemic, force majeure, civil liability, state of emergency, temporary measures, quarantine, natural disasters.

Кіріспе

COVID-19 коронавирустық инфекциясының халық арасында жылдам таралуы Республиканың аумағында төтенше жағдай режимін енгізуге алып келді. Бұл режим адамдардың күнделікті өміріне ғана әсер етіп қоймай, азаматтық айналымдағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтық қатынастарына да өз ықпалын тигізбей қоймады.

М.К. Сулейменовтің пікірі бойынша, міндеттеме ретінде борышкер мен кредитордың арасында туындаған азаматтық құқықтық қатынастар табылады [1]. Ал міндеттеме оның қатысушыларына байланысты және байланысы жоқ жағдайлардың негізінде орындалмау мүмкіндігі әрдайым болады. ҚР Азаматтық кодексінің 359-бабының нормасына сай міндеттеменің орындалмауы немесе тиісінші дәрежеде орындалмауына байланысты тек бір жағдайда ғана жауапкершілік жүктелмейді, бұл – *бой бермейтін күш*.

Жеке және заңды тұлғаларды азаматтық жауапкершіліктен босатуға негіз болатын «бой бермейтін күш» түсінігінің құқықтық аясын анықтау және оның төтенше жағдай режимімен арақатынасын айқындау мақаланың мақсаты болып табылады. Сәйкесінше, мақала аясында мақсатқа жету үшін отандық және шетелдік тәжірибе мен заңнамалық актілер, сондай-ақ сот тәжірибесі кеңінен зерттелуге жатады.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында жалпы ғылыми және арнайы әдістер кеңінен қолданылды, оның ішінде анализ, синтез, жүйелілік, салыстырмалы-құқықтық және формальды құқықтық әдіс. Формальды құқықтық әдіс төтенше жағдай және «бой бермейтін күш» белгілерін зерттеуде де, құқықтық нормаларды талдауда да, олардағы кемшіліктер мен қайшылықтарды анықтауда, жаңа нормаларды құрастыруда қолданылады. Салыстырмалы құқықтық әдіс мақала тақырыбы бойынша сот тәжірибесін зерттеуде, ғалымдар мен мамандардың ғылыми ұстанымдарын талдауда қажет болады.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылау

«Бой бермейтін күш» түсінігі және белгілері

ҚР Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығына (*бұдан әрі - Жарлық*) сай Қазақстан Республикасының территориясында COVID-19 коронавирустық пандемиясының таралуын тежеу мақсатында төтенше жағдай режимі енгізілген болатын [2]. ҚР Жоғарғы Соты жалпы отырысының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 9 қаулысымен бекітілген «Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты сот практикасының жекелеген мәселелері бойынша № 1 Түсіндірмесіне» сай енгізілген төтенше жағдай режимі бой бермейтін немесе еңсерілмейтін күш ретінде танылған еді [3].

ҚР Азаматтық кодексінің 359-бабының 2-тармағымен қатар 182-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасына сай, бой бермейтін күш ретінде төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) танылады [4].

Демек, ҚР Азаматтық кодексінің нормасынан және Жоғарғы Сотпен берілген түсіндірмеден бой бермейтін күштің келесідей екі белгісін бөліп шығаруға болады:

Төтенше мән-жай – жалпыға таныс қоғамдық қатынастарға немесе құбылыстарға қарағанда күнделікті немесе қалыпты өмір сүру салтының шегінен айқын шығатын ерекше, шұғыл жағдай.

Тойтарылмайтын мән-жай – азаматтық айналымға қатысушылардың басым көпшілігінің еркінен тыс орын алатын, яғни борышкер сияқты қызметті жүзеге асыратын азаматтық айналымның кез келген қатысушысы осы оқиғаның немесе құбылыстың басталуынан не олардың салдарларынан объективті түрде айналып өте алмайтын оқиға немесе құбылыс [3].

Демек, орын алған жағдай осы белгілерге сай болса, яғни жағдай төтенше әрі тойтарылмайтын сипатта болса, бұл жағдай бой бермейтін күш ретінде танылуға жатады.

«Бой бермейтін күш» түсінігінің англо-саксондық (жалпы құқық) және романо-германдық (азаматтық құқық) құқықтық жүйелерде екітүрлі қарастырылатындығы анық. Жалпы құқықта «форс мажор» ұғымы қолданылады, алайда азаматтық құқықтағы «форс мажорлық жағдайлар» бой бермейтін күш» түсінігіне сай келмейді. Англияда және АҚШ-та міндеттемелердің орындалу мүмкін еместігі «фрустрация» түсінігімен байланысты. Дегенмен, бұл екі ұғым бір-біріне балама ретінде қолданылмайды, өйткені азаматтық құқықтағы «форс мажорлық жағдайлардың» аясы кең.

Франция мемлекетінің Азаматтық кодексінің 1218-бабына [5] сай бой бермейтін күш (форс мажорлық) жағдайлар қарастырылған, франциялық заңнамаға сәйкес орын алған жағдайдың бой бермейтін күш ретінде танылуы үшін келесідей үш белгіге сай болуы қажет:

«Сыртқы жағдай (*external*)», борышкердің бақылауынан не оның қызметінің аясынан тыс жағдайлар, яғни орын алған оқиға не борышкер, не оның өкілдерінің тарапынан ешқандай бақылауға, реттеуге жатпайтын жағдайлар, мысалы, «дүлей апаттар», «соғыс қимылдары» борышкердің бақылауына жатпайды.

«Төтенше немесе күтпеген жағдай (*unforeseeable*)», яғни орын алатын жағдайды алдын-ала болжап білу мүмкін еместігін көрсетеді. Десе де, бастапқыда франциялық заңнама оқиғаның абсолютті түрде төтенше болуын талап еткен, алайда кәзіргі таңда орын алатын оқиғаны алдын алу үшін қолданылған ақылға қонымды, объективті шараларды, сонымен қатар орын алған оқиғаның қалыпты еместігі, сирек болатындығы және аяқастылығы есептеледі.

«Тойтарылмайтын жағдай (*irresistibility*)» - форс мажорлық жағдайлардың басты талабы, яғни орын алған оқиғаның әсерінен айналып өте алмау, бұл міндеттемені орындаудың мүмкін еместігін алып келетін жағдай. Франциялық заңнама борышкерден орын алған оқиғаға қарсы шараларды қолданылуын талап етеді [6].

Осы орайда, Қазақстан, Франция және жалпы құқықта қалыптасқан тәжірибенің сипаттарын көреміз, Франция заңнамасындағы үш белгі Қазақстан заңнамасы бойынша екі белгіге біріктірілген, ал «фрустрация» институтына сүйенетін жалпы құқықтың жағдайлары өзгеше. Дегенмен, орын алған оқиғаның форс мажорлық немесе бой бермейтін \ еңсерілмейтін күш ретінде танылуы үшін: 1) оқиғаның болуы борышкердің бақылауына жатпауы тиіс; 2) бұл оқиғаны алдын ала болжау қиындығы, төтенше болуы; 3) бұл оқиғаның салдары азаматтық айналымның қатысушыларына әсер етуі.

Бой бермейтін күш: төтенше жағдай әлде COVID-19?

ҚР Азаматтық кодексімен бой бермейтін күш ретінде танылатын мән-жағдайлардың ішінде «дүлей құбылыстар», «соғыс қимылдары» және «төтенше жағдай» көрсетілді. Бұл үш жағдайдың құқықтық тұрғыда мәртебелері бірдей емес екендігі анық.

ҚР Ішкі істер министрінің «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 175 бұйрығына сай «дүлей зілзала – нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнуі мүмкін немесе төнген, қоршаған табиғи орта құрамының және материалдық құндылықтардың қирауы немесе жойылуы мүмкін жойқын табиғи құбылыс немесе айтарлықтай ауқымдағы процесс» [7].

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» ҚР 2005 жылғы 7 қаңтардағы № 29 Заңының 1-бабының 45)-тармақшасына сай «соғыс қимылдары – агрессияға тойтарыс беру кезінде алға қойылған жауынгерлік міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштердің барлық түрі қолданылатын стратегиялық ауқымдағы (ұрыс қимылдарын қоса алғанда) іс-қимылдар кешені» [8].

«Төтенше жағдай туралы» ҚР 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңының 1-бабының 5)-тармақшасына сай «төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара» [9].

Осы анықтамаларды оқи отырып, келесідей сұрақ туындайды: «Төтенше жағдай құқықтық режимі және дүлей құбылыстар мен соғыс қимылдары нәтижесі болды, өйткені дүлей зілзаланы процесс десе, соғыс қимылдарын іс-қимылдар кешені ретінде танылса, құқықтық режим болып табылатын төтенше жағдай бұл тізімде ерекшеленетіндігі анық.

Төтенше жағдай – құқықтық режим болғандықтан, ол режим ретінде құқықтық құралдар жиынтығының көмегімен нақты қоғамдық қатынастарды арнайы құқықтық реттеу жүйесі болып табылады, яғни бұл қоғамдық қатынастардың белгілі бір кешенінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық реттеудің нақты түрі.

Төтенше жағдай туралы заңға назар аударатын болсақ, табиғи сипаттағы төтенше ахуал режимінен бөлек, дүлей зілзала ол ҚР территориясында төтенше жағдай енгізуге негіз болатын жағдай. Демек, осы орайда, бой бермейтін күш ретінде төтенше жағдай режимі емес, оны енгізуге негіз болған мән-жайдың танылатындығына басымдық берілгендей, бұл әсіресе ҚР Ішкі істер министрінің № 175 бұйрығымен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдарға берілген классификациясынан да көруге болады, өйткені төтенше жағдай ғана емес, табиғи және техногендік немесе әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдарды енгізуге негіз болатын мән-жайлардың «төтенше» және «тойтарылмайтын» мән-жай сипатына ие.

COVID-19 пандемиясын алатын болсақ, ҚР Ішкі істер министрінің № 175 бұйрығына сай «жұқпалы аурулар» табиғи сипаттағы төтенше ахуалды ҚР территориясында жариялауға негіз болады. Ал Төтенше жағдай туралы заңның 4-бабына сәйкес эпидемияның себебінен Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген, мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда төтенше жағдай режимі енгізіледі [9].

Жоғарыда бой бермейтін күш ретінде орын алған оқиғаның танылуы туралы мәселеде оған тән үш белгіні бөліп шығарған болатынбыз, сондықтан пандемия ретінде COVID-19 бен онымен күресу үшін енгізілген төтенше

жағдай режимін салыстырып көрелік.

1-кесте. - Бой бермейтін күш белгілерін сәйкестендіру

Белгілері	Төтенше жағдай	COVID-19
Сыртқы мән-жай	+	+
Төтенше мән-жай	-	+
Тойтарылмайтын мән-жай	+	+

Ескерту: автормен құрастырылған

Бұл кестені талдайтын болсақ: *біріншіден*, «сыртқы мән-жай» бойынша төтенше жағдай режимі де, COVID-19 коронавирустық пандемиясы да тараптардың бақылауынан тыс орын алады, яғни екі жағдай да тараптардың еркіне қарамастан орын алды; *екіншіден*, COVID-19 коронавирустық пандемиясының өршуін алдын ала болжау мүмкін емес, ал төтенше жағдай құқықтық режим ретінде белгілі бір процесстерден өтетіндігі анық, яғни төтенше жағдай режимі аяқ асты енгізілмейді, оның белгілі бір алғышарттары болады, десе де, екі жағдайда да жеке және заңды тұлғалардың күнделікті өмірінде қалыпты емес жағдайлар; *үшіншіден*, екі жағдайда да азаматтық айналымның қатысушыларына әсерін тигізеді.

Бұл арада Жоғарғы Сот COVID-19 коронавирустық пандемиясына сай енгізілген төтенше жағдайды бой бермейтін күш ретінде таныған уақытта өз ұстанымын қолдау мақсатында келесідей екі факторға негіздеді: біріншіден, уәкілетті тұлғалармен қабылданған нормативтік актілер заң талаптарына сай; екіншіден, қолданылған уақытша шаралар халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауға, COVID-19 коронавирустық инфекциясының жаппай таралуын тежеу мақсаттарында болғандығы үшін төтенше жағдай енгізу мен қолдану бой бермейтін күшке тән белгілерге сай деп көрсетті [3].

Сонымен қатар, мақала аясында оның мақсатына жету үшін COVID-19 коронавирустық пандемиясына байланысты енгізілген төтенше жағдай кезінде орын алған сот тәжірибесіндегі бірнеше азаматтық істерге талдау жасап өтуді жөн көрміз [10].

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен 14 желтоқсан 2020 жылы №7527-20-00-2/8752 азаматтық іс бойынша қарыз сомасын өндіру туралы талап арыз қарастырылды. Бұл істің мәнін дұрыс әрі толық түсіну үшін істі уақыт кезеңіне бөліп қарастырған жөн.

01.03.2019 жылы тараптар арасында шарт жасалынды.

30.03.2020 жылы шарттың қолданысы аяқталған мерзім.

15.03.2020 жылы төтенше жағдай режимі жарияланды, ол ҚР Президентінің Жарлығымен 11.05.2020 ж. жалғасты, алайда, Алматы қаласында карантиндік шаралар 2020 жылдың маусым айына дейін сақталған болатын.

Талап қоюшы жауапкерден 01.04.2020 ж. - 10.06.2020 ж. аралығындағы қарыз сомасын өндіруді сұрайды.

Сот ҚР Азаматтық кодексінің 359-бабының 2-тармағына сілтеме жасаған және жауапкердің мүлікті қайтару мүмкіндігі болмағандығын көрсетті де талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тартты.

Бұл істі саралайтын болсақ:

біріншіден, тараптар арасындағы шарттың қолданылыс мерзімі аяқталғанға дейін елде төтенше жағдай режимі жарияланған болатын;

екіншіден, бой бермейтін күш ретінде танылатын төтенше жағдай режимі жариялануынан, жауапкер өзінің міндеттемелерін тиісінше орындай алмады, сәйкесінше, ол үшін жауапкершілік көтермеді;

үшіншіден, төтенше жағдай режимі ресми түрде 11.05.2020 жылы аяқталды, талап қоюшының көрсеткен мерзімі 01.04.2020 ж. - 10.06.2020 ж., демек, 11.05.2020 ж. - 10.06.2020 ж. ресми түрде төтенше жағдай режимі болмады, яғни ҚР Жоғарғы Сотымен берілген түсіндірмеге сай бұл уақыт аралығын бой бермейтін күш жағдайы деп айтуға негіз болмады;

төртіншіден, сот шешімімен карантиндік шаралардың «маусым айына» дейін жалғасуы да бой бермейтін күш ретінде танылып, осы уақытқа дейінгі жауапкердің әрекеті оған жауапкершіліктер туындатпады.

Бұл арқылы борышкердің азаматтық құқықтық қатынастардың адал емес қатысушысы ретінде тануға болады, яғни өзіне жүктелген міндетті бір жыл бойы орындамай, шарт мерзімінің соңғы екі аптасының төтенше жағдай режимі уақытына сай келіп, міндетін орындамай, төтенше жағдайға негіздей салды.

Осылайша, «карантиндік шаралар бой бермейтін күш ретінде танылады ма?» деген сұрақ туындайды.

Бұл сұраққа жауапты Жоғарғы Сотпен берілген түсініктемеден іздесек, төтенше жағдайды бой бермейтін күш ретінде тануға себеп болған фактор ретінде енгізілген уақытша шараларды көрсетті. Десе де, уақытша шаралар, оның ішінде карантин де, төтенше жағдай құқықтық режимін реттеу шеңберінде қолданылады. Сәйкесінше, төтенше жағдайдың «бой бермейтін күш» ретінде танылуына уақытша шаралар әсер етсе, онда төтенше жағдайдың аяқталуымен, елдің кейбір аймақтарында карантиндік шаралардың сақталуы және оның сотпен бой бермейтін күш ретінде тануы жоғарыдағы сұрақтың өзектілігін арттырады.

Сонымен қатар, төтенше жағдайды бой бермейтін күш ретінде тану барысында уақыт кезеңіне байланысты туындаған қайшылықтарды анық көрсететін келесі сот істерін талдап көрелік.

Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен 15 сәуір 2021 жылы № 3971-21-00-2/422 азаматтық іс бойынша талап қоюшы 2020 жылдың наурыз, сәуір және мамыр айларында жинақталған қарызды өндіруді сұрайды. Алайда, сот қарыз сомасынан 15 наурызға дейінгі соманы шығарады, өйткені бұл

уақыттан кейін орын алған міндеттеме төтенше жағдай кезінде болды.

Демек, бұл жерде сот 15 наурыздан кейін орын алған міндеттеменің орындалмауын осы кезде жарияланған төтенше жағдайдың әсерінен болған бой бермейтін күштің себебімен жауапкерге жауапкершілік жүктемеді.

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен 21 қыркүйек 2020 жылы № 1912-20-00-2/2161 азаматтық іс бойынша талап қоюшы 2020 жылдың ақпан және наурыз айлары үшін тұрақсыздық айыбын сұрайды. Алайда сот ҚР Азаматтық Кодексінің 359-бабының 2-тармағына сілтеме жасап, қанағаттандырудан бас тартады.

Бұл істе ресми түрде төтенше жағдай жарияланғанға дейін, яғни заңды тұрғыда бой бермейтін күш орын алғанға дейінгі жауапкершілікті жауапкерге жүктемеген болатын.

Осы аталып өткен екі істі саралайық:

Біріншіден, бір жағдайда сот төтенше жағдайға дейінгі міндеттеме үшін жауапкершілік жүктесе, екінші жағдайда төтенше жағдайға дейінгі міндеттеме үшін де жауапкершілік жүктемейді. Алдыңғы істермен салыстырған кезде сот істері төтенше жағдай орын алғанға дейінгі міндеттемелер бойынша жауапкершілік мәселесі көтерілді.

Екіншіден, тәжірибе көрсеткендей Республика аумағында төтенше жағдай режимі жарияланғанға дейін ҚР Бас санитариялық дәрігермен қабылданған қаулылардың негізінде шектеу шаралары енгізілген болатын, алайда бұл шаралар туралы сот актілерінде сөз қозғалмаған болатын. Десе де бұл жоғарыда көтерілген сұрақтың өзектілігінің жоғары екендігін айқындайды.

Бұдан бөлек, мерзімге қатысты келесі істерге де талдау жасайық.

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен 20 қаңтар 2021 жылы № 3115-20-00-2\1516 азаматтық іс бойынша жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арыз қарастырылды.

28.08.2020 жылы тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынды. Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі ретінде қыркүйек айы белгіленген.

Жауапкер төтенше жағдай режимінің енгізілуінен міндеттемені уақытылы орындай алмағандығын алға тартты.

Сот шарттың 28.08.2020 ж. жасалғандығын және жеткізу мерзімі ретінде қыркүйек айы болып белгіленгендіктен, жауапкердің уәждерін негізсіз деп тауып, талап қоюшының талабын қанағаттандырған.

Келесі істің алдыңғы іске ұқсағанымен, өзіндік ерекшеліктері бар.

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 24 қараша 2020 жылы № 3115-20-00-2\1362 азаматтық іс бойынша жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арыз қарастырылды.

26.08.2020 жылы тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалынды. Шартқа сай жауапкер 15.09.2020 ж. дейін міндетін орындау қажет еді. Алайда, тауарды 22.10.2020 ж. ғана кешіктіріп жеткізді, уақтылы жеткізбеу себебі ретінде төтенше жағдай жариялануына байланысты енгізілген шектеу шараларының кедергі болғандығын көрсетті.

Сот жауапкердің шарты уақтылы орындамауының себебін негізді деп санайды. Сәйкесінше, талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тартты.

Бұл істерді талдайтын болсақ:

біріншіден, талап арыздың мәні бірдей;

екіншіден, екі істе де төтенше жағдай жауапкермен міндеттемені уақтылы орындалуына кедергі болған жағдай болып табылады. Бір ауданаралық соттың шеңберінде бір талап бойынша осындай бір-біріне ұқсамайтын сот шешімдерінің шығуы сұрақтар тудырады;

үшіншіден, екі істе де шарт ресми түрде төтенше жағдай режимі аяқталғаннан кейін жасалынған. Десе де төтенше жағдайдың ресми түрде аяқталуы, *ҚР территориясында күшін сақтаған карантиндік және шектеу шаралары негізге алынған деген тұжырымға келуге болады*. Сәйкесінше, бұл тағы да жоғарыда туындаған сұрақтың маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда талданған сот істерінен келесідей тұжырымдарды шығаруға болады:

біріншіден, «бой бермейтін күш» ретінде танылған жағдай *абсолютті* түрде тараптардың бірін жауапкершіліктен босатуға негіз болып табылады;

екіншіден, сот тәжірибесін талдау арқылы жауапкерлердің бой бермейтін күш ретінде «төтенше жағдай» мерзімі ғана емес, пандемияға қарсы қолданылған *уақытша шаралардың мерзімдері де негізге алынғандығын байқауға болады*;

үшіншіден, сот істерінен карантиндік жағдайлардың бой бермейтін күш ретінде танылатындығы анықталды.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда жүргізілген зерттеу жұмысының негізінде жеке және заңды тұлғалар өздеріне міндеттеме алған уақытта, оның орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына ықпалын тигізетін *бой бермейтін күштің келесідей екі түрін бөліп шығаруды ұсынамыз*:

біріншіден, *міндеттемені орындаудың нақты мүмкін еместігін туындататын мән-жайлар*. Бұл қазіргі қолданыстағы ҚР Азаматтық кодексіне сай бой бермейтін күш ретінде танылатын төтенше және тойтарылмайтын мән-жай сипаттарына сай келетін жағдайларды қарастыруға болады. Сәйкесінше, бұл негіз бойынша міндеттеменің орындалмауы үшін жауапкершілік туындамауы үшін: 1) орындаудың *нақты* мүмкін еместігі фактісі; 2) орындаудың мүмкін еместігіне алып келген мән-жай; 3) мүмкін емес фактісі мен орын алған оқиға арасындағы себептік байланыс. Мысалы, табиғи құбылыстар немесе техногендік апаттар, оның ішінде, жер сілкінісі немесе өрттер

мен жарылыстардың нәтижесінде міндеттеме орындамау қоғамның қалыпты өміріне сай келмейтін оқиғаның орын алуымен туындайды;

екіншіден, *міндеттемені орындаудың заңды тұрғыда мүмкін еместігі*, бұл кезде міндеттемені орындамағандығы үшін жауапкершілік ҚР территориясында немесе оның белгілі бір әкімшілік аумағында төтенше жағдай режимін немесе төтенше ахуал жағдайын жариялаумен ғана туындамайды. Сәйкесінше, бұл негіз бойынша жауапкершіліктің туындамауы үшін: 1) ҚР Президентімен немесе уәкілетті органның нормативтік актісі болуы қажет; 2) міндеттемені орындау нормативтік актке қарсы болуы.

Бұл тұжырым жоғарыда зерттелген сот актілерінен шығаруға болады, өйткені төтенше жағдай режимі жарияланғанға дейінгі және кейінгі орын алған шектеу шаралары азаматтық айналымның қатысушыларын міндеттеме үшін жауапкершіліктен босатқан. Сәйкесінше, ҚР Бас санитариялық дәрігерімен қабылданған қаулылардың негізінде орын алған шектеу шаралары, оның ішінде карантиндік шаралар да бой бермейтін күштің сипатына ие.

Десе де міндеттемені орындаудың заңды түрде мүмкін еместігі міндеттемені орындаудың нақты мүмкін еместігін қамтитындығы түсінікті. Алайда, бұл «нақты мүмкін емес» жағдайлардың бой бермейтін күш ретінде танылмайтындығын көрсетпейді, себебі азаматтық айналымның қатысушысының еркінен тыс орын алатын табиғи құбылыстар мен техногендік апаттар әр кезде төтенше ахуал жағдайын жариялауды қажет етпейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сулейменов М.К. Ответственность в гражданском праве // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30070848#pos=3;-52 (жүгіну күні: 20.02.2024).
- 2 Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 15 наурызындағы Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285> (жүгіну күні: 22.02.2024).
- 3 Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты сот практикасының жекелеген мәселелері бойынша №1 Түсіндірмесі: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жалпы отырысының 2020 жылғы 6 мамырдағы №9 қаулысы // https://docs.yandex.ru/docs/view?url=ya-browser%3A%2F%2F4DT1uXEPPrJRXIUfoewruGja82_MM32v8jb3xR4Kz9c-k9Joogmv_2wCHVVNU5ti6MekIkeRgU9uXj6G5QSOxa4gYmgE02WECwwqtBqiSiXAZxHKkMFTUTVhZmm5-O8lzFsgLbU1WxstIb1hy9FSKg%3D%3D%3Fsign%3DFsS7Q4BmM1v14XWwDnw26wZFH-kibkcPP6IY1pOQPk4%3D&name=no_1_tusindirme_kaz.docx&nosw=1 (жүгіну күні: 23.02.2024).
- 4 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгіну күні: 25.02.2024).
- 5 Франция Азаматтық кодексі // https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006070721/LEGISCTA000032008380/?anchor=LEGIARTI000032041055#LEGIARTI000032041055 (жүгіну күні: 10.04.2024).
- 6 Katsivela M. Contracts : Force Majeure Concept or Force Majeure Clauses ? // <https://heinonline.org/HOL/LandingPage?handle=hein.journals/droit2007&div=7&id=&page=> (жүгіну күні: 12.04.2024).
- 7 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрінің 2015 жылғы 3 наурыздағы № 175 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010983> (жүгіну күні: 27.02.2024).
- 8 Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы: ҚР 2005 жылғы 7 қаңтардағы №29 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_ (жүгіну күні: 01.03.2024).
- 9 Төтенше жағдай туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы №387 Заңы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387_ (жүгіну күні: 01.03.2024).
- 10 Сот істері ҚР Жоғарғы Сотының сайтынан алынды // <https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml> (жүгіну күні: 15.04.2024).

REFERENCES

- 1 Sulejmenov M.K. Otvetstvennost' v grazhdanskom prave // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30070848#pos=3;-52 (accessed: 20.02.2024) [in Russian].
- 2 Kazakhstan Respublikasynda totenshe zhagdajdy engizu turaly: Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhyldyn 15 nauryzyndagy Zharlygy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000285> (accessed: 22.02.2024) [in Kazakh].
- 3 Totenshe zhagdajdy engiziluine bajlanysty sot praktikasynyn zhekelegen maseleleri bojnynsha №1 Tysindirme: Kazakstan Respublikasy Zhogargy Soty zhalpy otyrysynyn 2020 zhylyg 6 mamyrdagy №9 kaulysy // https://docs.yandex.ru/docs/view?url=ya-browser%3A%2F%2F4DT1uXEPPrJRXIUfoewruGja82_MM32v8jb3xR4Kz9c-k9Joogmv_2wCHVVNU5ti6MekIkeRgU9uXj6G5QSOxa4gYmgE02WECwwqtBqiSiXAZxHKkMFTUTVhZmm5-O8lzFsgLbU1WxstIb1hy9FSKg%3D%3D%3Fsign%3DFsS7Q4BmM1v14XWwDnw26wZFH-kibkcPP6IY1pOQPk4%3D&name=no_1_tusindirme_kaz.docx&nosw=1 (accessed: 23.02.2024) [in Kazakh].
- 4 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (accessed: 25.02.2024) [in Kazakh].
- 5 Franciya Azamattyk kodeksi // https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006070721/LEGISCTA000032008380/?anchor=LEGIARTI000032041055#LEGIARTI000032041055 (data obrashcheniya: 10.04.2024) [in English].
- 6 Katsivela M. Contracts: Force Majeure Concept or Force Majeure Clauses ? // <https://heinonline.org/HOL/LandingPage?handle=hein.journals/droit2007&div=7&id=&page=> (data obrashcheniya: 12.04.2024) [in English].

7 Tabigi zhane tekhnogendik sipattagy totenshe zhagdajlardy memlekettik esepke aludy zhyzege asyru қaғидаларын bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Ishki ister ministrinin 2015 zhylygy 3 nauryzdagy № 175 byjrygy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010983> (accessed: 27.02.2024) [in Kazakh].

8 Kazakstan Respublikasynyn қoғanysy zhane Karuly Kyshteri turaly: Kazakstan Respublikasynyn 2005 zhylygy 7 kantardagy №29 Zany // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_ (accessed: 01.03.2024) [in Kazakh].

9 Totenshe zhagdaj turaly: Kazakstan Respublikasynyn 2003 zhylygy 8 akpandagy №387 Zany // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000387_ (accessed: 01.03.2024) [in Kazakh].

10 Sot isteri KR Zhogargy Sotynyn sajtynan alyndy // <https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml> [data obrashhenija: 15.04.2024].

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРЕ / INFORMATION ABOUT THE AUTHOR

Зарина Нурбековна Аманжолова - М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің докторанты. Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қорғалжын тас жолы, 8. E-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com.

Аманжолова Зарина Нурбековна - докторант Университета КАЗГЮУ им. М.С.Нарикбаева. Республика Казахстан, г. Астана, Корғалинжское шоссе, 8. E-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com.

Zarina Amanzholova - Doctoral Student of the M.S. Narikbayev KAZGUU University. Republic of Kazakhstan, Astana, Korgalzhyn highway, 8. E-mail: zarina.amanzholova1986@gmail.com.